



# Жұмысшы өмірін сақтандыру – маңызды міндет

Қазақстан Республикасында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қызметкерлердің құқықтарын қорғау – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Өндірістік ортада жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулардың туындау қаупі әрдайым бар. Мұндай жағдайларда қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері әлеуметтік және қаржылық тұрғыда қорғалуы тиіс.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасында өндірістік жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесі жұмыс істейді. Бұл жүйе еңбек қатынастарының қауіпсіздігін арттырумен қатар, қызметкерлердің әлеуметтік құқықтарын қорғауға бағытталған.

Міндетті сақтандырудың құқықтық негізі мынадай негізгі нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі: 2005 жылғы 7 ақпандағы №30 «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» ҚР заңы, ҚР Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен үкімет қаулылары.

Әрбір жұмыс беруші қызметкерді жұмысқа қабылдаған сәттен бастап оны сақтандыруға міндетті. Бұл талап мемлекеттік және жеке сектордағы барлық ұйымға, кәсіпорындарға, жеке кәсіпкерлерге бірдей қолданылады.

Міндетті өндірістік сақтандырудың негізгі мақсаты – қызметкердің еңбек міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғаға ұшыраған немесе кәсіби ауруға шалдыққан жағдайда оған немесе оның отбасы мүшелеріне заңда белгіленген тәртіппен өтемақы төлеуді қамтамасыз ету.

Бұл жүйе:

- қызметкердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді;
- жұмыс берушінің жауапкершілігін арттырады;
- өндірістегі қауіпсіздік деңгейін жақсартуға ықпал етеді;
- кәсіпорындардың тәуекелдерін сақтандыру компанияларымен бөлісу арқылы қаржылық тұрақтылығын сақтайды.

Міндетті сақтандыру келесі қызметкерлер санатына қолданылады:

- еңбек шарты бойынша тұрақты жұмыс істейтіндер;
- уақытша және маусымдық жұмысшылар;
- негізгі және қосымша қызмет атқаратын адамдар;
- толық және жартылай жұмыс күнімен еңбек ететін қызметкерлер.

Яғни егер адам еңбек шарты бойынша жұмыс істесе, ол міндетті түрде сақтандырылуы тиіс. Сақтандыру жұмысшының жынысына, жасына, қызмет саласына немесе тәжірибесіне қарамай қолданылады.

Міндетті өндірістік сақтандыру мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін қамтамасыз етеді:

- өндірістік жарақат алу;
- кәсіби ауруға шалдығу;
- уақытша немесе тұрақты еңбекке қабілеттілікті жоғалту;
- қызметкердің өндірістік жазатайым оқиға салдарынан қаза болуы.

Мысалы, қызметкер жұмыс орнында жарақат алып, уақытша еңбекке қабілеттілігін жоғалтса, сақтандыру компаниясы оған жалақысының белгілі бір пайызын өтеу түрінде төлем жүргізеді. Егер қызметкер мүгедектік алса немесе қаза тапса, оның отбасы мүшелеріне заңнамада белгіленген өтемақы төленеді.



Жұмыс беруші міндетті өндірістік сақтандыру саласында келесі міндеттерді орындайды:

- лицензиясы бар сақтандыру компаниясымен міндетті сақтандыру шартын жасау;
- сақтандыру жарналарын уақытында және толық көлемде төлеу;
- қызметкерлерді сақтандыру шарттарының мазмұнымен таныстыру;
- жазатайым оқиға болғанда сақтандыру компаниясын және уәкілетті мемлекеттік құрылымдарды жедел хабардар ету;
- өндірістегі қауіпсіздікті сақтау және жазатайым оқиғалардың алдын алу шараларын ұйымдастыру.

Сақтандыру компаниялары – міндетті сақтандыру жүйесінің маңызды қатысушылары. Олар:

- жұмыс берушілермен сақтандыру шарттарын жасайды;
  - сақтандыру жағдайы туындағанда өтемақы төлемдерін жүзеге асырады;
  - тәуекелдерді бағалайды және өндірістегі қауіпсіздік деңгейін ескеріп, сақтандыру тарифтерін анықтайды.
- Міндетті өндірістік сақтандыру жүйесінің бірқатар маңызды артықшылықтары бар:
- **қызметкерлерге** әлеуметтік және қаржылық тұрғыда қорғалуға, жазатайым оқиға кезінде өтемақы алуға кепілдік бар;
  - **жұмыс берушілерге** қаржылық тәуекелдерді азайту, заң талаптарын орындау, беделін сақтау үшін маңызды;
  - **мемлекетке** еңбек қауіпсіздігін арттыру, әлеуметтік шиеленісті төмендету, тұрақты еңбек нарығын қалыптастыру үшін қажет.

Міндетті өндірістік жазатайым оқиғалардан сақтандыру – қызметкерлердің әлеуметтік құқықтарын қорғаудың және өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды бөлігі. Бұл жүйе еңбек қатынастарының барлық қатысушысы үшін тиімді – қызметкерлердің мүддесін қорғайды, жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттырады және мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды құрамдас бөлігі.

Сақтандыру шартын уақтылы жасау және заң талаптарын сақтау – тек заң алдындағы міндет емес, сонымен бірге адам өміріне, денсаулығына деген құрмет пен жауапкершіліктің көрінісі.

**Қазбек ЖҰМАГЕРЕЕВ,**  
облыстық еңбек инспекциясы  
департаменті еңбек қауіпсіздігін бақылау және еңбекті қорғау бөлімінің бас маманы

«KAZMEAT Ақжайық» ЖШС «БҚО, Бәйтерек ауданы, Янайкин ауылы бойынша мал бордақылау кешенін қайта жаңғырту» қоршаған ортаның жай күйіне ықтимал әсерлер туралы есептің жобасы бойынша қоғамдық тыңдалым өткізу туралы хабарлайды.

Жоба бастамашысы: «KAZMEAT Ақжайық» ЖШС, БҚО, Бәйтерек ауданы, Янайкин ауылдық округі, Янайкин ауылы, Алматы көшесі, 23 ғим., БСН: 230540023449, тел: +7 7018169793.

Нысанның орналасқан жері: БҚО, Бәйтерек ауданы, Янайкин ауылы.

Әсер ету аймағы: БҚО, Бәйтерек ауданы, Янайкин ауылы. Алаңның географиялық координаттары: 50°42'36"N 51°05'23"E.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күні, уақыты және орны: 2026 жылғы 05 мамыр сағат 15:00, БҚО, Бәйтерек ауданы, Янайкин ауылдық округі, Янайкин ауылы, мәдениет үйі ғимараты, Бәйтерек көш., 27, онлайн қосылу:

<https://us06web.zoom.us/j/8613431471?pwd=UXZ5S5ZU0a0hNRUJZSU5YR3F3UjJlQUT09&omn=82921195866>

Идентификатор конференциясы: 861 343 1471

Код достуға: 123456zoom

Қоршаған ортаның жай күйіне ықтимал әсерлер туралы есептің жобасын әзірлеуші: «ABC Engineering» ЖШС, abc\_engineering@inbox.ru; 8 705 576-46-87.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, содан кейін жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) порталда, сондай-ақ «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде [ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz) сайтына немесе БҚО «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының» [tabigat\\_zko@mail.ru](mailto:tabigat_zko@mail.ru) электронды поштасына қабылданады.

Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің есепшісі Айгүл Қайыржанқызы Есенғалиеваға ардақты әкесі

### Қайыржан Есқалиевтің

өмірден өтуіне байланысты отбасына жақын туған-туысқандарына қайғыға ортақтасып, көңіл айтамыз. Әкеден айырылу – орны толмас ауыр қаза. Қиын кезде сабыр сақтап, рухани күш табуыңызды тілейміз. Марқұм әкеңіздің жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын.

**«КазИИТУ» ғылыми білім кешенінің құрылтайшысы Ақсерік Әйтімов, «КазИИТУ» ғылыми білім кешенінің профессорлық-оқытушылық құрамы**

«Жайық Пресс» ЖШС мен «Орал өңірі» газеті редакциясының ұжымы әріптестеріміз Тоқтар, Асқар Кенжеғалиевтерге аяулы аналары

### Ұлжан Ерәліқызы Жеденованың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Жайық Пресс» ЖШС мен «Орал өңірі» газетінің редакция ұжымы дарынды әнші

### Дархан Құлбабаевтың

мезгілсіз дүние салуына байланысты марқұмның ата-анасының, жұбайы мен перзенттерінің қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бірімізге ауылдас қарындас, бірімізге сыйлы сіңлі **Хайрошева Ақмарал Амантайқызының**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның перзенттері мен ағайын-туыстарының ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

**Ақмаралдың ағасы Алтайдың кластары атынан: Қанзия Нетәлиева, Кәмшат Сүлейменова, Елизавета Хамзина, Замира Хамзина, Серік Өтепқалиев, Бауыржан Ғұбайдуллин**



Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,

Гүлсезім БИЯШЕВА

(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14.

Бас редактор 51-25-80.

Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08.

Жауапты хатшы 54-38-22.

Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09.

Эл. пошта:

[zhaikpress-reklama@mail.ru](mailto:zhaikpress-reklama@mail.ru)

Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.

Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.

А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов көшесі, 9/2.

Телефон: 8 (7132) 400-400, 8(7132) 545-545.

Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 9165

4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: **Н. СҰЛТАНОВА,**

**А. ШОҢЫРАЕВА**

Кезекші редактор: **Г. ӘЖІГЕРЕЕВА**